

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ КҮЙГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

С.З. Байбатшаева, магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Л.С. Смаилова, ұлт-аспаптар бөлімінің мұғалімі
№2 Балалар саз мектебі
Шымкент қ., Қазақстан

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются возможности методы повышения к кюй путем применения новых технологий .

SUMMARY

*This article discusses the possibilities of methods for increasing the **KY** by applying new technologies .*

Күй — музыкалық жанр, қазақ халқының аспаптық пьесасы. Күй өнері – халқымыздың рухани құндылығының маңызды бір саласы. Ол ұлтымыздың байырғы және бүгінгі мәдениетімен тығыз байланысты. Күй жанры өнердің басқа саласынан ең басты айырмашылығы – адам баласы ауызбен айтып, бояумен бейнелеп бере алмайтын табиғаттың тылсым сыры мен сұлулығын музыка ырғағымен жеткізе білуінде. Киелі өнерді ардақтай білген дана халқымыз күй құдіретін аса жоғары бағалаған.

«Мектебіміздің тірегі де, тілеуі де-оқыта білетін мұғалім»-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай білім беру мүмкін емес.

«Білімді болу дегеніміз-белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу»- деп ғұлама ғалым Әл-Фараби айтып кеткендей, инновациялық әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілетін, белсенділігін қалыптастыру, оқу материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады. Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру –қазіргі заман талабы.

XXI ғасыр-ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда жаңа технологиялардың маңызы зор.

Білім – болашақ бағдары. Сабақта жаңа технологияларды қолдану арқылы өскелең ұрпақтың білім деңгейін арттыру, шығармашылықпен жұмыс істей отырып, заман талабына сай іскер, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білуде, баланың таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру үлкен міндет болып табылады. Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен жаңа технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы –

білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және интернеттің дамуы мысал бола алады. Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады.

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, on-line сабақтар арқылы іске асырылуда. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, мәдениетін және құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Құзірет-оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып тәрбие беру оқытушының басты міндеті. Әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай тандап алудың маңызы зор. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін. Қазіргі заман талабына орай ұрпақтарымызды парасатты да, білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келетін болса, онда білім берудің түрлері мен әдістерін түрлендіріп, жаңартып отыруымыз керек. Сондықтан, қайткенде де баланың ойына, сезіміне серпіліс ендіруді мақсат етіп қою керек. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-

жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі таңда инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпал етуге болады. Мұғалім өзінің әр сабағымен шәкірттерін қызықтыра білген жөн. Шәкірттерді сол сабақты асыға күтіп отыратын дәрежеге жеткізу қажет. Сонда ғана шын ұстаз болғаны. Мақсатымыз өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін ел жанды тұлға тәрбиелеу.

Музыкаға деген тиянақты ынтасы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу, бірлесе отырып ансамбльмен оркестрде ойнау, ән айту олардың музыкалық қабілетін (есту, ырғақ, есте сақтау) эстетикалық талғам сезімдерін дамыту, оқушыларды аспапта күй тартуға дұрыс үйрету үшін олардың аспапта ойнауын жүйелі қалыптастырып, ойнау шеберлігін дамытып, заман талабына сай оқытудың жаңа технологиясын игеріп, оны шеберлікпен меңгерту, оқушының қабілетіне, шеберлігіне бағыт беріп тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік жасау ұстаздың міндеті. Ендеше бірігіп жұмыс жасау олардың қызығушылығын тудырады.

Қызығушылық-ол білуге құмарлық. Күй тартуға баулу үшін алдымен әр баланың мүмкіндігін, қабілетін, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту, терең сезімін оятып өмірге шынайы құштарлық орнықтыруға жол сілтеу керек. Жетікіншекті шығармамен жұмыс жасай білуге үйрету. Музыкалық шығармалар арқылы оқушының ой-өрісін дамыту. Гаммалар мен арпеджиолар баланың орындаушылық техникасын арттырады, олар әр түрлі штрихтарда, ырғақтарда, екпінде, әр түрлі аппликатурада, әр тоналдық орындауда беріліп қызығушылығын арттыруға ықпал жасайды. Дұрыс таңдап алынған жаттығулар «ойнау» жағдайына тезірек енуге әрі әртүрлі жанрдағы шығармаларда кездесетін нақтылы қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Оқудың алғашқы кезеңінде күйге талдау жасалып, авторлардың шығармашылығын, олардың өмір сүрген дәуірі жайында мағлұматтар алғаны жөн. Шығарманың формасын талдағанда шағын тақырыптардың сипатын, сөйлемдердің динамикалық шынын анықтайды. Күйдің қиын үзінділерінде аппликатураны ойластырып саусақтардың ыңғайлы әрі шартты болуына аса назар аударады. Көрік қозғалысын меңгеру де көп уақыт пен жұмысты талап етеді. Дыбыс сапасы көрікті меңгеру техникасына байланысты.

Мұғалімнің аспапта ойнап көрсетуі (демонстрация) үлкен орын алады, бірақ бұл алдын-ала, шәкірттің өзбетінше шығарманы жан-жақты талдап танысып, сонан соң, мұғалімнің жетекші сұрақтары арқылы терең түрде талқылауды қажет етеді. Бастапқы кезде ол көптеген қателіктер жіберуі мүмкін, сол себепті үнемі қадағалап отырғанды ұмытпаған жөн. Аспапта өз ойнағанын талдау әдісі-бұл оқушының орындаушылық қабілетіне өзінің немесе мұғалім сауалдарының көмегімен сын көзбен қарауы, аспапта ойнауының сапалығын арттыруы, жіберген қатесін табуы, туған қиындықтардың алдын алу, шығарманың астарын ұға білуі. Бұл әдіс үй тапсырмасымен қатар сабақтағы жұмыстың барлық кезеңдерінде

қолданылады. Оқытушының міндеті студентке дер кезінде ақылды кеңес беріп, жұмыс жасаудың әрі дұрыс, әрі қысқа жолын тапқызып отырады. Берілген әдіс зейінге дем береді және топтайды, жинақтайды, өзін-өзі тыңдай білудің дағдысын жетілдіреді. Тағы бір әдіс ол-жарыс әдісі:

а) нотасыз таныс әуенді аспапта теріп ойнап гармониялау, тасымалдау;

б) нотаны оқи отырып ойнау;

в) тыңдалған шығарманы шебер орындау.

Оқушының техникалық дағдылары неғұрлым жоғары болса соғұрлым шығармаға жұмсалатын уақыт шеңбері де азаяды. Ендеше гамма, арпеджио техникалық жаттығуларға жүргізілетін жұмыс жүйелі түрде күнделікті етіп бірте-бірте қиындай түсуі керек. Күйлердегі қағыстар мен саусақтары, пернені дұрыс алуды үйрене отырып, басқа да орындаушылық талаптарға сәйкес екпін, динамика, дұрыс өрнектерін т.б. тәсілдерді ұқыптылықпен пайдалану керек. Осындай жұмыстың барысында шәкірт біліммен қатар, жаттығып, дағдылану үшін қажетті әдіс-тәсілдермен қаруланып, өз бетімен істелінетін жұмысының сапалы болуына керекті нұсқаулар алып отырады.

Нотаны тез оқып, техникалық дағдыларды меңгерген оқушы, өзбетінше істейтін жұмысының сапасы өсіп, нәтижелі бола бастайды, әрі аз уақытта көп тапсырма орындай алатын болады. Енді оған шығарманың қиын бөлігін сабақта талдатқызып, оңай бөлігін үйге тапсырма етіп, немесе қиын шығарманы сабақта талдатқызып, үйге оңай шығарманы өз бетімен талдауды тапсыруға болады. Домбыра тарту шеберлігі-күй тартуда оқушының өнерге деген ынта-ықыласын өсіріп, музыканы дұрыс тыңдап, өзбетінше тереңдей түсіне білуге тәрбиелеу болып табылады.

Жас жеткіншектің күйге деген қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында бағдарламаға өзіне ұнайтын шығарманы кіргізуге болады. Аспапты жақсы меңгере алмай жүрген оқушыға жеңіл шығарма беріп, бастапқы жұмысын асықтырмай сабақта үлгі ретінде талдап, өз бетінше жалғастыра алатынына оқытушының көзі жеткен соң, жалғасын үйге тапсырма ретінде беріп қызығушылығын арттыра түсуге болады. Сондай – ақ балалардың күй өнеріне деген қызығушылығы мен ынта – ықыласын тудыру арқылы оның рухани байлығын арттыру, жаман әдеттерден жирендіріп, қайырымдылық пен мейірімділік, жақсылыққа ұмтылдыру, азаматтық, адамгершілік, ізгілік, парасаттылыққа тәрбиелеу.

Музыкалық тәрбие дегеніміз-музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру- музыкалық ынтасын, қажеттерін, қабілетін, музыкаға эстетикалық көзқарасын қалыптастыру деген сөз. Музыка тәрбиесі жастарға өнер құндылықтарын үйрете отырып, олардың бойына адамгершілік эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Тәрбие ісі адамзаттың бүкіл даму тарихымен қатар жүріп келеді. Тәрбие-бір ұрпақтың өмір сүру тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдіс. Осы үрдіс арқылы дамытады және адамның дамуына басшылық жасалады.

Жаңа инновациялық әдістерді пайдалана отырып, білім сапасын арттыру өмір талабы. Баланы бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген

қызығушылығын арттыру, жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың күйге деген қызығушылығын арттыру мақсатында тақырыпқа байланысты, күй түрлерінің шығу тарихы, күйшілер өмірімен, Қазақстан және шетел композиторларының шығармашылығымен таныстырып, музыка туралы толық мәліметтер беріп отыру абзал. Сонымен бірге әлем мәдени жаңалықтарға шолу жасап отырған жөн. Осы тұрғыда атақты композиторлардың жетістіктерге жетудегі еңбектерімен таныса отырып, өздеріде, әр тапсырманы белсенділікпен орындауға дағдыланады, бойына музыкалық білімді құнарлы сіңдіреді.

Жас балғындарды өз халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани өнерін терең түсініп, пайымдай білуге баулу, оған деген қызығушылығы мен ынта – жігерін ояту, көркемдік қабылдау мәдениеті мен халық музыка аспаптарын тарта білуге тәрбиелеу музыка мұғалімінің алдына қойған басты талаптарының бірі. Мұғалім үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады.

Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Өскелең ұрпақ жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Халқымыздың аса бағалы рухани қазынасы, бабалар мұрасы-күй өнерін талантты жастарды күй дәстүрін жалғастырушы ретінде тәрбиелеу міндет. Қазақтың халық күйлері сан жағынан қаншама көп болса, олардың әуен-сазы бірін-бірі қайталамайтын, орындау ерекшелігі де әр қилы. Домбыра құдіретін әйгілеген Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек, Сүгір, Қазанғап, Абыл, Тәттімбет, Тоқа, Баламайсан, Байжігіт, Дина, Байжұма, Мәмен тағы басқа көптеген күйші-композиторларының есімі халықтың құрметінде. Халқымыздың тілін тарихын мәдениетін біліп өскен жас ұрпақ халқымыздың дарынды өнерлі ұл – қызы дәрежесіне көтерілетіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Х.Балтабаев «Қазақ халық музыкасы және студент жастар»
2. А.Жайымов, Б.Ысқақов, Ж.Еңсепов «Музыка оқыту әдістемесі»
3. П. Момынұлы «Қазақ музыкасының қысқаша тарихы»
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖІПС «Дайыр Баспа», 2010 ж.